

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



SATBAYEV
UNIVERSITY

«БЕКТЕМІН»

Геология, мұнай және газ кен ісі
институтының директоры

Сыздықов А.Х.

ГТІҚКШБ кафедрасының
ісі институты
менгерушісі

Бекботаева А.А.

« 09 » 08 2019г.

СИЛЛАБУС

GEO1051 «Пайдалы қазба кенорындарының геологиясы»

(пән атауы)

**6B05201 мамандығы бойынша
3 кредит (2/1/0)**

Семестр: 7, 2019 – 2020 оқу жылы, күзгі семестр

Алматы, 2019

Сәтбаев Университеті
Қ. Тұрысов атындағы Геология, мұнай және кен ісі институты
«Геологиялық түсіру, пайдалы қазба кенорындарын іздеу және барлау» кафедрасы

1. Оқытушылар туралы ақпарат:

Лектор – профессор Байбатша Әділхан Бекділдаұлы
baibatsha48@mail.ru, кабинет: 314 БасОҒ
Офис сағаттары: аптасына 2 рет 1 сағаттан

Лабораториялық сабақтар – сениор-лектор Кембаев Мақсат Кенжебекұлы
k.maksat@mail.ru, кабинет: 329 БасОҒ
Офис сағаттары: аптасына 2 рет 1 сағаттан

Ассистент Булегенов Канат Ултанович, bulegenov85@mail.ru, каб. 337 БасОҒ
Офис сағаттары: аптасына 2 рет 1 сағаттан

Тьютор Тагбергенов Асылбек Жумабекович, atagbergenov@mail.ru, каб. 441 БасОҒ
Офис сағаттары: аптасына 2 рет 1 сағаттан

2. Курстың мақсаты:

- пайдалы қазба кенорындарының (ПҚК) жаралу жолдарын зерделеу;
- пайдалы қазба кенорындарының генетикалық типтерін зерделеу;
- кенорындардың геологиялық құрылысының ерекшеліктерімен олардың жаралу механизмдері мен жағдайларына байланысты танысу;
- ПҚК жаралуының геологиялық жағдайлары мен геодинамикалық ахуалы туралы түсініктер алу;
- руда денелердің жайғасу жағдайларын, құрылымы мен морфологиясын, әртүрлі генетикалық типті кенорындардың минералдық және заттық құрамы мен типоморфтық белгілерін зерделеу;
- ПҚК жаралуы байланысты геологиялық формациялармен және таужыныстармен танысу;
- ПҚК негізгі рудалы формацияларын және олардың өзіндік белгілерін зерделеу.

3. Курстың мазмұны:

Қазақстан экономикасының және әлеуметтік дамуының қазіргі кезеңі геология саласына еліміздің минерал-шикізат базасын нығайту мен ұлғайту туралы мәселе қояды. Бұл мәселе пайдалы қазбаларды іздеу мен барлаудың қарыштап дамыған әдістерін енгізу, кенорындарды болжау мен геологиялық-экономикалық бағалаудың ғылыми негізделгендік деңгейін көтеру, геофизикалық және геохимиялық зерттеу әдістерін, Жер беті мен оның қойнауларын зерделеу үшін аэроғарыштық құралдарды тиімді пайдалану негізінде іске асырылуы мүмкін.

Осы айтылғандарға байланысты кен-өндіріс өнеркәсібінде, Жер қойнауын, табиғатты қорғау мен тиімді пайдалануға қатысты ғылыми-техникалық прогресте геологияның мәні айрықша екені көрінеді. Геология кенорындар мен кеніштердің қазіргі кен-геологиялық ахуалының ұдайы күрделенуі жағдайларында Жер қойнауын игерудің проблемаларын нәтижелі шешуге қабілетті мамандарды даярлаудың негізі болып табылады.

Пайдалы қазбалар біздің республика экономикасының негізі болып табылады. Еліміздің минерал-шикізат базасын зерделеу және бағалау геологиялық барлау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуді талап етеді. Геологиялық барлау жобаларының кез-келген сатысында (кенорындарды іздеуден бастап, оларды пайдалануға дейін), сондай-ақ міндетті түрде геологиялық ортаны ұтымды және қауіпсіз пайдалану мәселелері де ұдайы қарастырылады.

Жер қойнауын пайдаланудың негізгі мәселелерінің біріне пайдалы қазбалар қорын ысырапсыз максимал пайдалау жатады, мұнда қоршаған ортаға тигізілетін зиянды ықпалдар да ескерілуі тиіс. Бұл мәселе адамдар әрекетінің пайдалы қазба кенорындарын іздеу, барлау және өндіру сияқты саласында да көкейтесті мәселе болып табылады.

Геология ғылымдары пайдалы қазба кенорындарын іздеудің, барлаудың және өндірудің теориялық негізі болып табылады.

4. Пререквезиты: Жалпы геология, Минералогия, петрография, құрылымдық геология

5. Постреквезиты: ПҚЗЛӨ (пайдалы қазбаларды зерттеудің лабораториялық әдістері), ПҚК іздеу және барлау.

6. Әдебиеттер тізімі:

Базалық әдебиет	Қосымша әдебиет
1. Байбатша А.Б. Пайдалы қазба кенорындарының геологиясы, 2018. – 430 б.	11 Атлас моделей месторождений полезных ископаемых/Составители: Х.А. Беспяев, Л.А. Мирошниченко, Алматы, 2004
2. Авдонин В.В., Бойцов В.Е., Григорьев В.М. и др. Месторождения металлических полезных ископаемых. М.: Геоинформмарк, 1998. – 269 с.	12. Байбатша А.Б. Модели месторождений цветных металлов. LAP LAMBERT Academic Publishing. ISBN: 978-3-659-41231-8, Saarbrücken, Deutschland/Германия, 2013. – 588 с.
3. Бок И.И. Основы рудной геологии, Алматы, кн. 1, 1970. – 435 с., кн. 2, 1974. – 256 с.	13. Байбатша А.Б. Модели месторождений благородных металлов. LAP LAMBERT Academic Publishing Ru. ISBN: 978-3-330-00882-3, Saarbrücken, Deutschland/Германия, 2016. – 605 с.
4. Геология нефти и газа и нефтегазоносные провинции. /Под ред. Э.А.Бакирова и В.А.Ларина. Москва, 1998.	14. Глубинное строение и минеральные ресурсы Казахстана. Нефть и газ. Том III, Алматы, 2002.
5. Губкин И.М. Учение о нефти. М., Наука, 1975.	15. Полезные ископаемые Казахстана. Кокшетау, 2003.
6. Ермолов В.А. и др. Месторождения полезных ископаемых: Учебник для вузов. М.: МГГУ, 2001.	16. Рудные месторождения СССР. Т 1-3./Под ред. В.И. Смирнова. М., Недра, 1980.
7. Курс месторождений твердых полезных ископаемых/Под ред. П.М. Татарина и А.Е. Карякина. Л.: 1975.	17. Свойства, потребление и производство основных видов минерального сырья. Кокшетау, 2003.
8. Курс рудных месторождений / Под ред. В. И. Смирнова. М., Недра, 1986.	18. Кулкашев Н.Т, Байбатша А.Б. О промышленной классификации рудных месторождений // Изв. НАН РК, серия геол., 2011, № 5. – С. 28–48.
9. Смирнов В.И. Геология полезных ископаемых. М., Недра, 1982.	19. Franco Pirajno. Ore deposits and Mantle plumes. Kluwer Academic publishers. Dordrecht/Boston/London. ISBN 0-412-811405. 2000. - 556 p.
10. Старостин В.И., Игнатов П.А. Геология полезных ископаемых. М.: Академический Проект, 2006. – 512 с.	20. Байбатша А.Б. Инновационные технологии прогноза полезных ископаемых. Алматы, Асыл кітап, 2018 – 524 с.

7. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Апта	Дәрістер тақырыбы	Зертханалық сабақтар тақырыбы	Әдебиетке сілтеме	Тапсырмалар	Тапсыру уақыты
1	Кіріспе. Пайдалы қазба және пайдалы қазба кенорындарының негізгі түсініктері. Пайдалы қазба кенорындарының таралу аумағы.	Эндогендік кенорындар кендерінің бітімі мен құрылымының жиынтық үлгілерін зерттеу		№1 Эндогендік кенорындар кендерінің бітімі мен құрылымының жиынтық үлгілерін зерттеу	
2	Пайдалы қазба денелерінің морфологиялық	Чиатури, Жезді экзогендік және		Quiz № 2 Чиатури,	2 апта

	сипаттамасы. Кен денелерінің пішіні бойынша жіктелімі, олардың сыйыстырушы таужыныстармен арақатынасы.	метаморфогендік кенорындар кендерінің бітімі мен құрылымының жиынтық үлгілерін зерттеу		Жезді экзогендік және метаморфогендік кенорындар кендері бітімі мен құрылымының жиынтық үлгілерін зерттеу	
3	Пайдалы қазбалардың сапалық сипаттамасы. Кеннің заттық құрамы, бітімі мен құрылымы. Кенорындардың гидрогеологиялық және заттық жағдайлары.	Магмалық кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		№ 3 Магмалық кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	3 апта
4	Кенорындардың генетикалық жіктелімі, жер қыртысының негізгі құрылымдық элементтерімен байланысы. Олардың жаралуы мен орналасуын анықтайтын факторлар. Кен заттарының көздері	Магмалық кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		Quiz №4 Магмалық кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	4 апта
5	Магмалық кенорындар тобы, олардың жаралу жағдайлары. Ликациялық, бастапқымагмалық және соңғымагмалық кенорындардың сипаттамасы	Пегматиттік және карбонатиттік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		№5 Пегматиттік және карбонатиттік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	5 апта
6	Флюид-магмалық кенорындар тобы, олардың жаралу жағдайлары. Карбонатиттік және пегматиттік кенорындардың сипаттамасы	Пегматиттік және карбонатиттік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		1-Жоба №6 Пегматиттік және карбонатиттік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	6 апта
7	Постмагмалық кенорындар тобы, олардың жаралу жағдайлары. Жапсарлық-метасоматоздық (скарндық, альбититтік және грейзендік) кенорындардың сипаттамасы	Скарндық және грейзендік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		№7 Скарндық және грейзендік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	7 апта
8	Экзогендік-магматогендік кенорындар тобы, олардың жаралу жағдайлары. Вулканогендік-шөгінді және стратиформдық кенорындардың	1-ші аралық бақылау (Midterm). Скарндық және грейзендік кенорындардың		1-Аралық бақылау №8 Скарндық және грейзендік кенорындардың сыйыстырушы	8 апта

	сипаттамасы	сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	
9	Мору кенорындарының тобы, олардың жаралу жағдайлары Қалдық және қайта түзілген кенорындардың сипаттамасы. Кенорындардың мору процесінде өзгеруі	Гидротермалық (плутоногендік) кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		№9 Гидротермалық (плутоногендік) кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	9 апта
10	Шөгінді кенорындар тобы, олардың жаралу жағдайлары. Механикалық, химиялық және биохимиялық кенорындарының сипаттамасы	Гидротермалық (вулканогендік) кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		Quiz №10 Гидротермалық (вулканогендік) кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	10 апта
11	Фльтрациялық кенорындар тобы, олардың жаралу жағдайлары. Грунттық-фльтрациялық, артезиандық және инфильтрациялық кенорындардың сипаттамасы	Колчедан кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		№11 Колчедан кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	11 апта
12	Метаморфтық кенорындар легі, олардың жіктелімі және жаралу жағдайлары. Метафорфогендік рудажаралу жағдайлары туралы түсінік. Техногендік кенорындар, олардың жаралу жағдайлары және мәні	Стратиформдық кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		Quiz №12 Стратиформдық кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	12 апта
13	Жанғыш қазбалар, олардың жіктелімі және жаралу жағдайлары. Көмір және жанғыш тақтас кенорындарының сипаттамасы	Мору қыртысы кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		№13 Мору қыртысы кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	13 апта
14	Мұнай және газ геологиясы. Мұнай-газ жатындарының және мұнайлы-газды аумақтардың қалыптасуы. Қазақстанды мұнай және газгеологиялық аудандау	Шөгінді кенорындар кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		2-Аралық бақылау №14 Шөгінді кенорындар кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	14 апта
15	Қорытынды. Минерал	2-ші соңғы		2-Жоба	15 апта

	шикізаттың Қазақстан экономикасының және стратегиялық дамуындағы мәні	бақылау (Endterm). Метаморфогендік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу		№15 Метаморфогендік кенорындардың сыйыстырушы таужыныстары мен кендерінің жиынтық үлгілерін зерттеу	
--	---	---	--	---	--

8. Тапсырмалардың тізімі және оларды орындауға арналған қысқаша әдістемелік (ұсыныстар) нұсқаулар:

✓ Студенттердің өзіндік жұмыстары (СӨЖ) (Summary):

✓ *Студенттің өзіндік жұмыстары (семестрлік тапсырма)* – семестр ішінде пән бойынша өтілген материалдарды қамтитын тапсырмаларды орындаудан тұрады. Тапсырмалар жазбаша түрде орындалып, орындау мерзіміне сай уақытта өткізілуі тиіс.

Quiz – әр өтілген сабақ тақырыбының соңында өткізіледі және сұрақ карточкалары бойынша дәріс материалдарына жауап студенттерден жазбаша жауап ретінде алынады.

✓ Студенттердің өзіндік жұмыстары оқытушы жетекшілігімен (СӨӨЖ):

Студенттердің өзіндік жұмыстарды оқытушы жетекшілігімен орындауы (СӨӨЖ) – өткен тақырыптар бойынша тапсырмаларды оқытушының жетекшілік етуімен өз бетінше орындау, Тапсырма дәріс және зертханалық сабақ кезінде беріледі. Оларды барлық студенттер ағымдық өзіндік жұмыс ретінде орындауға міндетті. Үй тапсырмасын орындау барысында Сіз оқулықтан және сабақта алған білімдеріңізді пайдалануыңыз керек. Сіздің орындаған жұмыстарыңыздың негізінде орташа баға шығарылады. Тапсырмаларды уақытылы орындап, тапсыру да ескеріледі.

Зертханалық сабақтар: *Зертханалық тапсырмалар* – **Зертханалық жаттығулар** – бағдарлама бойынша 10 зертханалық жұмыс орындалынуы қарастырылған.

Тапсырмалар әртүрлі генетикалық типтегі кенорындардың рудаларын бір және айқас николде анықтаумен байланысты. Ол үшін жарық қабілеттілігі бойынша эталон-минералдар; минералдардың оптикалық қасиеттері (түсі, қосынуы, анизотропиясы, ішкі рефлекстері); рудалық минералдардық кимасы, қаттылығы; ажыратушы кестелер қолданылатын болады.

Рудалардың бітімі мен құрылымын анықтау бойынша тапсырмалар үлгілерді көзбен көру арқылы анықтау секілді руда құрылымдарын микроскопта тастілімде анықтау.

Дайын сұлба бойынша тастілімдерді сипаттау бойынша тапсырмалар. Ол үшін зерттеліп отырған тастілімнің минералдық құрамын анықтау керек; көзбен әрбір рудалық минералдың пайыздық мөлшерін анықтау; руданың типін анықтау; руданың бітімі мен құрылымын анықтап сипаттау.

Шлихтер мен рудалық концентраттарды бинокулярда анықтау. Студенттер шлихтар мен рудалық концентраттарды талдауларға қалай дайындау жолдарымен танысады. Минералогия курсы оқу кезінде алған білімдерін пайдалана отырып бинокулярда минералдарды анықтайды.

Одан бөлек – сабақтан тыс уақытта өзіндік жұмыс қарастырылады, студенттер тастілімдерді микроскопта өз беттерінше сипаттап, рудаларды микроскопта зерттеуде өз тәжірибелерін жинақтауларына болады.

✓ **Аралық бақылау:** Аралық бақылау - аралық бақылау семестрде екі рет өткен материалдарды меңгеру дәрежесін тексеру үшін жүргізіледі. Аралық бақылау теориялық және практикалық білімін тексеру мақсатында, сонымен қатар жұмыс бағдарламасымен қарастырылған жасампаздық, өзбетілік жұмыстарды орындау кезіндегі дағдыларды пайдалану арқылы геологиялық кималарды түсіру және қорларды есептеу әдістемесін меңгеруін тексеру мақсатында жүзеге асырылады.

✓ **Емтихан:** *Қорытынды емтихан* – курс бойынша барлық материалдарды қамтиды және қорытындылайды. Емтихан жазбаша өткізіледі және түрлі тапсырмаларды қамтиды: дәріс

бойынша өтілген материалдарды қамтитын сұрақтардан, нақты тапсырмаларды практикалық шешуден тұрады. Емтихан ұзақтығы 2 академиялық сағат. Емтиханда егер баға төмен болып қалса, оны көтеру үшін ешқандай қосымша сұрақ берілмейді. Сондай-ақ емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

9. Тапсырмаларды бағалау критерийі:

Әріптік жүйедегі баға	Бағаның цифрлік эквиваленті	Критерий
A	95 – 100	«Өте жақсы» деген бағалау үшін курстық бағдарламаны толықтай меңгеру қажет. Курстың негізгі заңдылықтарын өздігінен критикалық бағалау керек. Теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра білуі қажет. Дәрістік және зертханалық сабақтарға белсенді түрде қатысу қажет және курс бойынша қосымша монографиялық әдебиеттерді игеруі керек.
A -	90 – 94	«Өте жақсы» деген бағаны курстық бағдарламаны толықтай меңгеру; курстың негізгі заңдылықтарын өздігінен критикалық бағалау; теориялық білім мен тәжірибені ұштастыра білу; дәрістік және зертханалық сабақтарға белсенді түрде қатысу; бірақ курс бойынша қосымша монографиялық әдебиеттермен таныспаған.
B +	85 – 89	«Жақсы» - Студент өткен материалдарды жетік меңгеру және белсенді түрде зертханалық сабақтарға атсалысу. Тақырыптың мән-мағынасын және сұрақтарға жауабын жазбаша түрде еркін және ауқымды түрде ашып жазу.
B	80 – 84	«Жақсы» - Студент өткен тақырыптарды толығымен меңгергенін көрсете отырып берілген тақырыптың мазмұнын толық жеткізе білу. Оқытушы тарапынан қойылған сұрақтар мен тапсырмаларды толығымен жүйелі түрде орындау.
B -	75 – 79	«Жақсы» - Студент өзіне қойылған сұрақтарға еркін жауап бере алу, бірақ кейде нақты дәлелмен жеткізе алмау. Ұсынылған әдебиеттерді толық меңгеру. Студент дәрістер мен зертханалық сабақтарға кейде себепсіз қатыспау.
C +	70 – 74	«Жақсы» - Студент өткен тақырыптарды толығымен меңгергенін көрсете отырып, берілген тақырыптың мазмұнын толық жеткізе біледі. Бірақ оқытушы тарапынан қойған кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды. Курстың негізгі ережелерін критикалық бағалауға қабілетсіз. Тапсырмаларды орындаған кезде кішігірім қателіктер жібереді.
C	65 – 69	«Қанағаттанарлық» - Студент курс бағдарламасы бойынша өткен тақырыптарды толық меңгере алмаған, сұрақтарға толық жүйелі түрде жауап бере алмайды. Тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жібереді, бірақ та қателіктерді түзетуге қабілеті жеткілікті.
C -	60 – 64	«Қанағаттанарлық» - Студент курс бағдарламасын түсінгенін жеткізе алмайды, сұрақтарға жауап өте қысқа. Тапсырмаларды орындау барысында қателіктер жібереді, жіберген қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
D +	55 – 59	«Қанағаттанарлық» - Студент теориялық материалдарды толық игермеген, ұсынылған әдеби кітаптарды оқымаған. Дәріс және зертханалық сабақтардан себепсіз қалады. Тапсырмаларды орындау барысында біршама қателіктерді жібереді. Қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
D -	50 – 54	«Қанағаттанарлық» - Студент өткен материалдарды түсінгенін немесе толық игергенін жеткізе алмайды. Сұрақтарға жауабы

		толық емес. Дәріс және зертханалық сабақтардан себепсіз қалады. Қателіктерді түзетуге білімі жеткілікті.
FX	25-49	«Қанағаттанарлықсыз» - өте төмен көрсеткіш, емтиханды қайта тапсыру керек
F	0 – 24	«Қанағаттанарлықсыз» - Студент берілген тапсырмаларды игере алмаған. Қарапайым сұрақтарға жауап бере алмайды, мазмұнын жетік түсіне алмайды.

Қажетті жұмыстарды өткізу кестесі

№	Бақылау түрі	Аптадағы макс. баллы	Апталар															Максимал балдар қорытындысы	
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15		
1	Зертханалық тапсырмаларды орындау және тапсыру	5		*		*		*	*										20
2	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) (Quiz)	2,5				*			*										5
3	1-аралық аттестация (Midterm)	5								*									5
4	Зертханалық тапсырмаларды орындау және тапсыру	5										*	*		*	*			20
5	Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ) (Quiz)	2,5											*			*			5
6	2-соңғы аттестация (Endterm)	5															*		5
	Қорытынды емтихан	40																	40
	Барлық қосындысы																		100

10. Тапсырмаларды тапсыру саясаты:

Студент дәрістер, зертханалық сабақтарға даярланып келуі қажет. Зертханалық жұмыстарды уақытылы қорғауы, барлық жұмыстар түрлерін толық орындауы (зертханалық және өзіндік) тиіс. Студент сабақтарға кешікпеуі және сабақтарды жібермеуі тиіс, өз ісіне жауапты және міндетті болуы қажет. Жұмыстарын уақытылы тапсырмағаны үшін (жоғары) максималдық балды азайту қарастырған. Студент белгілі бір себептермен аралық бақылауға қатыса алмайтын болса, оқытушыны емтиханға шейін ескертуі қажет. Егер аралық емтиханды барлық студенттер жазып және сабақты талқыланатын болса, емтиханды қайта тапсыру мүмкін емес. Емтиханға себепсіз қатыспау сізді оны тапсыру құқығынан айырады.

11. Сабақтарға қатысу саясаты:

Дәріс және зертханалық сабақтарда міндетті түрде қатысуыңыз қажет және белсенділік таныту міндетті. Дәріс материалдарын бекіте түсетін көптеген теориялық материалдар тек дәріс сабақтарында беріледі. Сондықтан, сабақтан қалу – Сіздің оқу үлгеріміңіз бен қорытынды бағаңызға әсерін тигізеді. Кез-келген себептер бойынша сабақтан Силлабус
Сәтбаев Университеті

екі рет кешігу және/немесе сабақтың соңына дейін кетіп қалған жағдайда бір рет сабақтан қалған болып саналады. Алайда сабаққа тек қана қатысу балды көбейту болып саналмайды. Сабаққа әрдайым белсенді қатысып отыру қажет. Әрбір сабаққа дайындалып жүру – курсқа қойылатын міндетті талап болып табылады. Оқулықта көрсетілген бөлімдерді және қосымша материалдарды тек заертханалық сабаққа дайындық кезінде емес, тиісті дәріске қатысар алдында да қарау қажет. Мұндай дайындық Сіздің жаңа материалды қабылдауыңызды жеңілдетеді және Сіздің университет қабырғасында терең білім алуыңызға ықпал етеді. Сабақтан 20% артық қалуға болмайды.

12. Академиялық мінез-құлық пен этика саясаты:

Пән бойынша оқыту шеңберінде, кез келген сыбайлас жемқорлық көрінісінің кез келген түріне жол берілмейді. Осындай әрекеттерді ұйымдастырушы (олардың тапсырмасы бойынша оқытушы, студенттер немесе үшінші тұлға) ҚР заңдарын бұзғаны үшін толық жауапкершілікке тартылады. Толерантты болыңыз, басқаның көзқарасын құрметтей біліңіз. Қарсылықты тұжырымдалған түрде жасаңыз. Плагиат және көзбояушылыққа жол берілмейді. Емтихан кезінде көршіден көшіріп алуға, емтиханды басқа студент үшін тапсыруға болмайды. Студенттің кез келген теріс қылығы байқалған жағдайда қортынды бағасы «F» болады.

Көмек: Өздік жұмыстардың орындалуын және оны қорғау, сондай-ақ зерттелген материал туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ барлық басқа да мәселелер бойынша оқытушымен кеңес жүзеге асырылады және офис-сағаты уақытында немесе тәулік бойы электрондық байланыс құралдары арқылы оқытушыға хабарласуыңызға болады.

ГТПҚКІЖБ кафедрасының отырысында қаралды «9» тамыз 2019 ж. хаттама №1

Құрастырған: геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Б. Байбатша**